

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУҒА СТУДЕНТТЕРДІ БЕЙІМДЕУ БАРЫСЫНДА ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ҚЫЗМЕТІ

п.ғ.к.,доцент Ахтанова Салтанат Көбейбекқызы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Әбдиева Балжан Қонарбайқызы
Педагогика және психология мамандығының магистранты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қазіргі таңда білім беру - әрбір тұлғаның даралығын ашу, жеке тұлға ретінде дамыту, бейімділігін қалыптастыруға бағытталса, сол жаңа жүйенің негізі бүгін көрініс тауып, қазірден нәтижесін беруі қажет. Сондықтан әрбір педагог өз қызметінің мазмұнын инновациялауы шартты. Ол үшін жаңа мазмұнды жұмыс жоспарын жасап, барлық үдеріс нәтижеге бағытталып ұйымдастыруы міндетті.

Ғылым мен техниканың даму қарқыны білім беру саласының оқыту үрдісіне жаңа технологиялық әдістерді кең көлемде қолдануды қажет етіп отыр. Яғни, білім беру саласындағы ақпарат алмасу, электрондық пошта, телеконференция, бейнеконференция, интерактивті сабақтар педагогтардың кәсіби білімінің жоғары деңгейі арқасында жүргізіліп жатқаны рас. Оқыту үдерісіне бұндай ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы нәтижелерге жетіп, бірқатар мәселелер оң шешімін табуда. Атап айтар болсақ қашықтан оқыту мынадай мәселелерді шешуді алға тартады:

- оқу материалын студенттің терең түсінуі

- студенттің оқуға деген қызығушылығының артуы
- алған білімнің ұзақ уақыт сақталуы
- студент және оқытушы арасындағы қарым – қатынастың орнауы
- студенттің белсенді әрекетінің болуы
- ең бастысы, студенттің сабақтан тыс уақытта өз бетінше жұмысты жалғастыруы
- отбасы, студент, жоғарғы оқу орны арасында байланыстың болуы

Сонымен қатар, бүгінгідей әлемді, оның ішінде біздің елімізде де коронавирус індетінің қаупі орын алған жағдайда қауіпсіздік шараларының бірі ретінде студенттерге қашықтықтан дәріс беру шын мәнінде қажетті де маңызды шара.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі»- деп атап көрсеткен. Сондай – ақ, Біріккен Ұлттар ұйымының шешімімен ХХІ ғасыр – ақпарат ғасыры деп аталады. Олай болса, әрбір педагогтың ақпараттар ағымына ілесіп, бәсекеге қабілетті құзырлы болуы – басты міндет және парыз.[1]

Осы ретте тұлғаның әлеуметтік бейімделуі ережелерді қайта орнатуға, әлеуметтік пайдалы қарым-қатынас, мінез-құлық, іс-әрекеттің өзгеруіне бағытталған. Психологиялық бейімделу - әлеуметтік қажетті құндылық бағдар және мінез-құлықты меңгеру, әлеуметтік ортаның күтілімдері мен тұлғаның бағыттылығын, бағдарын жақындаттыру болып табылады. Бейімделудің әлеуметтік және психологиялық жақтары бір – бірімен үздіксіз

байланыста. Өмір бойы барлық тірі ағза, соның ішінде адам үздіксіз – климатқа, қоректенуге, қоршаған адамдарға тіпті кәсіби зияндылықтарға және стресске икемделеді. Яғни барлығы қоршаған ортамен үйлесімді болуға тырысады. Ортаның талабына біртіндеп бейімделеді. Бейімделу процесі барлық тірі ағзаға тән деп айтып кеттік, бірақ адамның бейімделу ерекшелігі ол тек ортаға икемделуіне байланысты емес, сондай-ақ ең алдымен ол өзін қажеттілігіне сәйкес икемдей алуына байланысты болып табылады. Осыған орай, тұлғаның бейімделуі немесе бейімделе алмауының сипаты мен деңгейі көбінесе адамның биологиялық, физиологиялық, психикалық қасиеттеріне және оның әлеуметтік дамуына байланысты екенін байқауға болады. Ал осы бейімделу барысында туындайтын бірқатар проблемалар мен мәселелердің шешімін табуда психолог маманының атқаратын ролі өте маңызды.

Бейімделу дегеніміз – адамның жаңа жағдайларға бейімделуі және үйренісе алуы, қазіргі біздің жағдайда — қашықтықтан оқытудың ұзартылған кезеңіне студенттер мен педагогтардың бейімделуі. Ал өзін-өзі ұйымдастыру (самоорганизация) дегеніміз-жеке оқу мақсаттарына жетудің құралы ғана емес, сонымен қатар танымдық, практикалық, эмоционалды, адамгершілік және ерік-жігер қабілеттері мен мінез-құлық қасиеттерін жетілдіру мақсатында білім алушының өзі туралы саналы жұмысы. Қашықтықтан оқыту аясында "бейімделу" және "өзін-өзі ұйымдастыру" ұғымдары бір-бірімен өте тығыз байланысты. Себебі, бейімделу уақыты қашықтықтан оқыту барысында оқушының өзін-өзі ұйымдастыруымен қатар жүреді, яғни білім алушы өзгерген жағдайларға қаншалықты тез бейімделе алады. Және, керісінше, бейімделудің нәтижелілігі өзін-өзі ұйымдастыруға байланысты, бұл білім алушының оқу үлгеріміне тікелей әсер етеді. Студенттердің электронды режимдегі ЖОО-ға бейімделу бағыттылығының қалыптасу ерекшелігі қазіргі заман талабына сай жүзеге асады. Жалпы студенттердің кәсіби шеберлігінің қалыптасуы оқу процесінің ұйымдастырылу деңгейіне, оқытушының іскерлігіне, студенттердің ғылыми жұмысының ұйымдастырылуына тәуелді. Қашықтықтан оқыту бағытында білім алатын студенттермен жұмыс жасауда педагог-психологтің жұмыс ауқымы өте кең. Бұл студенттердің іс-әрекетін ұйымдастыруда, олардың жеке ерекшеліктерін анықтауда және педагогикалық қарым-қатынас стилін таңдауда, оқу мотивациясын жоғарылату және қолдау, топта қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастыру сияқты мәселелер болуы мүмкін. Бірінші кезекте, психолог білім алушылар мен оқытушыларға сенім және өзара қолдау атмосферасын құру бойынша жұмыс істейді, білім алушылардың білім беру процесіне белсенді қатысу мотивациясын қалыптастырады, қашықтықтан оқытуға қатысушыларды психологиялық қолдау мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлейді. Қашықтан оқытудағы танымдық процестердің даму деңгейі мен ерекшеліктерін зерттеу, интерактивті білім беру ортасында оқу материалын қабылдаумен байланысты қиындықтарды жеңуге көмек көрсету маңызды мәселе болып табылады. Психолог сонымен қатар жеке сараланған тәсілді ұсыну және жеке маршруттарды дамыту мақсатында тұлғаның жеке қасиеттерін, қашықтықтан оқытуға қатысушылардың тұлғааралық қатынастарының сипатын зерттейді. Жалпы, қашықтықтан білім беру жағдайында білім алушылардың мотивациясын арттыру әдістерін іздеу барысында төрт компоненттен тұратын американдық зерттеуші Джон Келлердің моделі назарға алу, олар – назар, құндылық, сенімділік және қанағаттану. Білім алушының мотивациясын қолдау үшін оны қызықтыру, назар аудару, оқытудың маңыздылығы мен құндылығына сендіру, өзіне деген сенімділікті қолдау және қол жеткізілген нәтижелерден қанағаттану сезімін қалыптастыруға ықпал ету маңызды. [2]



сурет 1

Джон Келлердің студенттердің мотивациясын арттыруға бағытталған компоненттері

1. Білім алушылардың **назарын** тапсырмалардың вариативтілігі және материалды ұсынудың сан қилы түрлері, қызмет түрлерін өзгерту арқылы қолдауға болады. Тыңдаушыларды пікірталас тудыратын, күтпеген, ерекше идеялармен қызықтыру маңызды. Бұған проблемалық бағдарланған қашықтықтан оқыту семинарларын, пікірталастарды, форумдарды өткізу, тыңдаушылардың талқылауға қатысуын ынталандыру, олардың жеке тәжірибесіне жүгіну ықпал етуі мүмкін. Оқу курстарындағы күтпеген элементтер және әр түрлі жұмыс түрлері мидың белсенділігін арттырады, қызығушылықты оятады, бұл Джон Келлердің алғашқы компоненті назар аударумен тікелей байланысты болып келеді және материалды есте сақтауды жақсартады.

2. Курстың мазмұны білім алушы үшін практикалық жағынан **құнды** болуы керек, оның жеке мақсаттарына сәйкес келуі керек. Сондықтан студенттерге түсінікті терминдер мен мысалдарды қолдана отырып, осы оқу бағдарламасы олардың сауатты, тиімді білім алуына қалай көмектесетіні туралы ақпарат берген абзал.

3. Қашықтан оқу барысында білім алушылардың материалды сәтті игеретініне және қойылған міндеттерді орындайтынына **сенім** нығайту маңызды. Осы мақсатта студенттерге айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге, сәттілік тудыратын жағдайларды арттыруға мүмкіндік берген жөн. Білім алушылардың оқу барысында алған білімі мен тәжірибесіне қатысты эмоцияларына жүгіну де маңызды болып табылады, егер олар оң көзқараста болған жағдайда –білім алушыларда міндетті түрде **сенім** артады.

4. Білім беру барысында студенттерге сапалы орындалған тапсырмалар жайында, жеткен жетістіктері жайында атап өту қажет. Осындай ынталандыру жолы арқылы оқу нәтижелерінің жоғары деңгейде екенін ескерту білім алушылардың **қанағаттану** сезімін қалыптастырады.

Қашықтықтан оқыту кезінде психологиялық-педагогикалық қолдау дегеніміз: қашықтықтан оқыту үдерісін жобалау мен жүзеге асыруда желі мұғалімдері мен желі қолданушыларына психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге бағытталған ақпараттық-білім беру ортасында оқыту субъектілері арасындағы өзара әрекеттің саналы жүйелік процесі. Қашықтықтан оқыту режимінде педагог психолог студенттермен мынадай жұмыс жүргізу нысандарын көздейді.

- электронды форматтағы психологиялық профилактика-білім алушыларды, яғни студенттерді бейімделе алмау құбылыстарының туындауының алдын алу, жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелерінде, оның ішінде қашықтықтан оқытуды психологиялық қолдау мәселелері бойынша педагог қызметкерлерге, ата-аналарға көмек көрсету бойынша нақты ұсынымдар әзірлеу;

- қашықтықтан кеңес беру кезінде туындауы ықтимал үрей, қорқыныш, агрессиялық көріністер сияқты теріс әсерлерді төмендету мақсатында педагог — психолог дағдарыстық психологиялық көмектің нысандары мен әдістерін сауатты қолдануды көздейді;

- білім алушының ата-аналары мен жақын отбасы мүшелеріне психологиялық кеңес беру, оның ішінде өзгерген өмір сүру жағдайларын жеңе білу дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы кеңестер;

- дистанциялық режимдегі психологиялық түзету-дамыту жұмысы жеке форматта (zoom, skype, WhatsApp және басқа да цифрлық платформалар бағдарламаларын пайдалана отырып) немесе бейімделуде, дамуда, мінез-құлықта қиындық көретін білім алушылар үшін топтық (бейнеконференция байланысы арқылы), оның ішінде ата-аналары тьютор ретінде әрекет ететін денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалармен (балаға педагог-психолог көрсететін жаттығуларды орындауға көмектеседі) жұмыс істеу;

- білім алушылардың білім беру мекемесінен тыс жерде болғандығы себептен педагог-психологтың әлеуметтік педагогпен бірлесе отырып, онлайн-форматта жұмыстар жүргізу;

- білім беру қатынастарына, бағдарламаларға қатысушыларға арналған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуді, өздігінен білім алу тақырыбы бойынша тәжірибені жинақтауды, білім алушылардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, қашықтықтан оқыту жағдайларына барабар білім беру технологияларын таңдауда педагогтерге көмек көрсетуді қамтитын қашықтықтан оқыту режиміндегі сараптамалық-әдістемелік қызмет жобасын даярлау;[3]

Қазіргі білім беру жағдайында өзекті болып отырған қашықтықтан оқытудың негізгі түрлері.

Онлайн-курстар әдетте дәстүрлі дәрежеде қосымша сабақтар ретінде ұсынылады. Студенттер компьютер мен интернетке қол жеткізген жағдайда, олар үйде отырып, білім ала алады.


Гибридті курстар дәстүрлі оқыту параметрлерін үйде онлайн оқумен біріктіреді. Бұл дегеніміз, студенттер үйде жеке білім ала алады және курстың барысында белгілі бір уақыт аралығында жеке нұсқаулар немесе дәрістер қабылдайды. Үйде оқыту мен аудиторияда оқыту мөлшері әр гибридті курс үшін әр түрлі болады.

Конференциялар студенттер мен мұғалімдерге сабаққа нақты уақыт режимінде, мейлі топта, не нұсқаушымен жеке кездесуге мүмкіндік береді. Телефонды немесе Skype сияқты бейне чат арқылы студенттер мен оқытушылар қашықтыққа қарамастан тірі сабақтармен айналыса алады.

Электронды оқу курстарында студенттер әлеуметтік желі немесе электрондық пошта арқылы сабақ материалымен айналысады. Студенттер материалды және тапсырмаларды пошта арқылы алады, ал олар аяқталған тапсырмаларды сол әдіс арқылы кері жібереді.

Қашықтықтан оқыту процесін психологиялық-педагогикалық қолдау барысында психологтің жұмыс мазмұны мынадай 4 бағыттарды қамтиды.

Сурет2



Қашықтықтан оқыту процесін қолдау барысында педагог - психологтің жұмыс мазмұны

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан: елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын жария ету кезінде сөйлеген сөзі // Ана тілі. - 2007. - 8-14 наурыз (№10)
2. Бибрих Р.Р. Мотивационные аспекты адаптации студентов к учебному процессу в вузе. Кишинев.: Штиница, 1990.
3. Зинченко В.П. Дистанционное образование: к постановке проблемы //Педагогика. -2000. -№2.